



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту туралы ереже	МС ISO 9000:2015 МС ISO 9001:2016 МС ISO 37001:2016
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-46	Енгізілген күні: « <u>11</u> » <u>маусым</u> 20 <u>25</u> ж.



БЕКІТЕМІН

Ректор

Л.К. Байболова

«11» маусым 2025 ж.

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАНЫ АЯҚТАҒАН ТҰЛҒАЛАРҒА
АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-46

КЕЛІСІЛДІ

АСЖ проректор

Э.Б. Аскарбеков

«11» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа:

БД:

Тіркеу №

«Google диск»

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Осы Ереже титулдық бетке ректордың жеке қол қоюы арқылы бекітіледі.

Бұл Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелеріне сапа менеджменті жүйесіне (СМЖ) қатысты қызметі аясында міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеру кейінгі білім беру бөлімінің басшысы тарапынан 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындауды ұйымдастыру және үйлестіру бойынша жұмыстың жүргізілуіне жауапкершілік кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

28 маусым 2024 жыл күні бекітілген № 2 редакциядағы ЕЖ 21-09.141-2022 «Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту туралы ереже» күші жойылды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Құжатты әзірлеудің мақсаты.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Пайдаланылатын қысқартулар.....	5
7. Жалпы ережелер.....	5
8. Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібі.....	5
9. Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға жауапты құрылымдық бөлімшелердің функциялары.....	6
10. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар.....	6
11. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	6
12. Құпиялылық.....	7
А қосымшасы.....	8
Б қосымшасы.....	9
Келісу парағы.....	10
Танысу парағы.....	10
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	11
Мерзімді тексерулер есебін жүргізу парағы.....	11

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-46

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҚСАТЫ

3.1 Осы Ереже бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібін айқындайды және «К. Қулажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Университет) қолданылады.

3.2 Бұл Ереже факультеттердің білім беру бағдарламалары комитеттері, оқу-әдістемелік бөлімі және кафедралар үшін пайдалануға арналған.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015 ж.

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен)

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен)

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен)

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен)

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Терминдер	Анықтамалар
ЖОО компоненті (бұдан әрі – ЖК)	Білім беру бағдарламасын меңгеруге арналған жоғары оқу орны өзі дербес айқындайтын оқу пәндерінің тізбесі мен сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемі.
Таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК)	Пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып, білім алушылар кез келген академиялық кезеңде өздігінен таңдайтын, жоғары оқу орны ұсынатын оқу пәндерінің тізбесі мен сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемі.
Білім беру бағдарламасы	Білім беру нәтижелерін бағалау критерийлерін, білім алуды ұйымдастыру тәсілдері мен әдістерін,

	мақсаттары мен мазмұнын, оқу нәтижелерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
Тыңдаушы	Қосымша білім беру бағдарламалары және даярлық бөлімдері бойынша білім беру ұйымында оқитын тұлға.

6. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Мағынасы
ЖК	ЖОО компоненті
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖООКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
ББ	Білім беру бағдарламасы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
Университет	«Қ. Қулажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Бұл Ереже бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша университетте оқыту тәртібін айқындайды.

7.2 Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

7.2.1 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2025 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша өзгерістері мен толықтыруларымен);

7.2.3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен).

8. БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАНЫ АЯҚТАҒАН ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ТӘРТІБІ

8.1 Бейіндік магистратураны аяқтаған магистр педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – ББ) қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметпен айналысуға жіберіледі.

8.2 Тыңдаушыларды педагогикалық бағыттағы ББ бойынша оқуға қабылдау бір академиялық кезең ішінде жүзеге асырылады.

8.3 Оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша жүргізіледі.

8.4 Педагогикалық бағыттағы ББ бойынша оқуға түсетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) осы Ереженің А қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 4) 3x4 см көлеміндегі 2 фото.

8.5 Тыңдаушыларды оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен жүзеге асырылады.

8.6 Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы ББ-ның мазмұны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасына (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістерімен) сәйкес айқындалады.

8.7 Бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы

бағдарлама кемінде 30 академиялық кредиттен тұрады. Оның ішінде базалық пәндер циклі (БП) – 20 кредит.

Базалық пәндер циклінің міндетті пәндері (12 кредит, оның ішінде педагогикалық практика) — «Ғылым тарихы мен философиясы», «Жоғары мектеп педагогикасы». Профильдік пәндер циклі (10 кредит) және БП таңдау компоненті (8 кредит) университет кафедралары ұсынатын және тыңдаушылар өз бетінше таңдайтын пәндерді меңгеруді қамтиды.

8.8 Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқыту процесінен қол үзбей оқыту әдістемесі мен практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Практиканың ұзақтығы бір аптада 30 сағаттық (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) нормативтік жұмыс уақыты негізінде апталармен айқындалады.

Педагогикалық практиканың ұйымдастырушысы – магистрантты даярлау бағыты бойынша Университеттің бітіруші кафедралары. Практика қорытындысы бойынша тиісті кафедраға есеп тапсырылады. Есепті қорғау нәтижесі балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

8.9 ББ-ны меңгеру аяқталғаннан кейін игерілген пәндер бойынша емтихан түрінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

8.10 Педагогикалық бағыттағы магистратураның ББ-ны аяқтаған бейіндік бағыттағы магистрге негізгі дипломына қосымша ретінде тиісті куәлік беріледі.

9. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУҒА ЖАУАПТЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

9.1 Университеттің қабылдау комиссиясы осы Ереженің 9.4-тармағында көрсетілген тыңдаушылардың құжаттарын тіркейді, жеке істерін қалыптастырады, тыңдаушымен ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасайды, бұйрық жобаларын дайындайды.

9.2 Университеттің оқу-әдістемелік бөлімі педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы аясында базалық және бейіндік пәндер циклдерінің пәндері бойынша академиялық сағаттар мен академиялық кредиттер көлемін және пәндердің еңбек сыйымдылығын айқындайды, сондай-ақ КББ-мен бірлесіп сабақ кестесін құрастырады.

9.3 Университеттің бухгалтериясы бағдарлама тыңдаушылары үшін ақылы білім беру қызметтерінің құнын есептей отырып, оқу бағасының есебін жасайды.

9.4 Кафедра меңгерушілері ЖОО компоненті (ЖК) мен таңдау компоненті (ТК) пәндерін айқындайды, бағдарламаның тыңдаушылары үшін базалық және бейіндік пәндер циклдері мен педагогикалық практика бойынша оқытушыларды тағайындайды.

10. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

10.1 Негізгі тәуекел	10.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер
- педагогикалық практиканы формалды түрде өткізу (есептердің сапасыздығы, әдістемелік дағдылардың болмауы);	- кафедра тарапынан тәлімгерлікпен қамтамасыз ету, аралық есептерді тексеру, әдістемелік көмек көрсету;
- қорытынды аттестаттау мен куәлік беруді кешіктіру;	- аттестаттау комиссиясын уақытылы құру, рәсімдеу мерзімдерін сақтау, құжаттардың дұрыс толтырылуын бақылау.

11. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

11.1 Осы Ереже Университет Ректорының шешімімен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

11.2 Ереженің талаптарының орындалуын академиялық сұрақтар жөніндегі проректор, кейінгі білім беру бөлімінің басшысы, факультет декандары және кафедра меңгерушілері бақылауға алады.

11.3 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық талаптарына сәйкес өзгерістер енгізілген жағдайда және қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

12. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

12.1 Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудиті жүргізілген жағдайда сертификаттаушы органдардың сарапшыларынан басқа тұлғаларға, сондай-ақ Университет Ректорының рұқсатымен ғана тұтынушы-серіктестерге ұсынылуы мүмкін.

Н.БББ-8.5/8.6-2025-46-01

**А қосымшасы
(міндетті)**

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректоры

Л. Байболоваға

(аты-жөні)

мекенжайы

байланыс телефоны

e-mail

Өтініш

Мен бейіндік магистратураны аяқтаған тұлғаларға арналған педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша тыңдаушы ретінде ақылы негізде оқуға қабылдауымды сұраймын.

Бейіндік магистратураның ББ (білім беру бағдарламасының коды / атауы, бітіру жылы):

Оқыту тілі: _____

« ____ » _____ 20 ____ ж.

(өтініш берушінің қолы)

Б қосымшасы
(міндетті)

Куәлік
№ _____ магистр дипломына қоса беріледі

Осы куәлік _____
бейіндік магистратураны _____
(мамандығы және/немесе білім беру бағдарламасы)
бойынша аяқтаған тұлғаға берілді.

Аталған тұлға педагогикалық бағыттағы пәндер циклін «__» _____ ж.
бастап «__» _____ ж. дейінгі аралықта

_____ (жоғары оқу орнының толық атауы)
бойынша келесі мамандықта және/немесе білім беру бағдарламасы аясында меңгерді:

№	Пән атауы	Кредит саны	Әріптік бағасы	Балдық бағасы

Практикадан өткендігі:

№	Практика атауы	Кредит саны	Әріптік бағасы	Балдық бағасы

Аталған куәлік иесіне ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысуға құқық береді.

Басшысы _____

М.О.

«__» _____ ж.

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04

(міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс №	Өзгеріс туралы хабарлама №	Беттер нөмірлері				Өзгерістерден кейінгі беттер саны	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлға (Аты-жөні)	Қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05

(міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді орындаған тұлға (Аты-жөні)	Қолы	Ескертпе формулировкасы